

Қазақ халқының рухани санасында өздерінің ғаламат еңбектері мен қосқан үлестері арқасында мәңгі орын алған алыптар тобы бар. Олар ұлттық болмыс пен қоғамның парасаттылық деңгейінің өлшемі саналатын кесек тұлғалар. Әдетте олар алдыңғы толқын ағалар буыны болса, кейінгі толқын иілер соларға қарап талпынып, өздерінің өсу кезеңдерін сол өлшемдермен салыстырып жатады. Сол алыптар ішінде ғылым саласында Қаныш Сәтпаевтың тұлғасы ерекше орын алатыны, қазақтың талай жастары ғылым жолына сол тұлғаның өсерімен түсіп, соның жарқын бейнесін ұлт етіп өскендері белгілі. Біздің буып үшін Сәтпаевтың рухани ізбасарлары болып саналатын орта буын ұлт болғаны заңды. Мемнің санамда сондай тұлғалардың бірегейі болды белгілі ғалым, қоғам қайраткері Кенжеғали Әбенұлы Сағадиев орын алған. Сенатор Қ. Сұлтанов айтпақшы “Кенжекен қазақ ғылымының шаңырағын көтеріп, оның ішін жиназға толтырып, жетістіктерін өлемге танытқан ғалым ағаларының табиғи жалғасы, ғылымның қоғам құбылыстарымен үйлесімділігінің табысты үлгісі, жана ізденістің бағдаршысы”.

Кенжеғали аға туралы ойлағанда оның тұлғасын ерекшелейтін қасиеттері ішінде жаналыққа құштарлығын, жасампаздығын, үздіксіз даму үстінде жүретін ізденімпаздығын, талпынған жастарға қамқорлығын, үлкен мен кішіге бірдей кісілігін айтуға болады.

Кенжекеңді жанашыл ғалым деуімізге дәйек болатын бір мысал елімізде биотехнология саласын дамытуға үлес қосуы. Осыдан ширек ғасыр уақыт бұрын жана ғылым саласы биотехнология қарқынды дами бастаған кез болатын. Қайта құру заманының алғашқы жылдарында сол кездегі Целиноград қаласына Кенестер Одағы Коммунистік партиясының Бас хатшысы М. Горбачев келіп, үлкен жиналыс болған. Қолайлы сәтті пайдаланып сол жылдардағы Целиноград ауыл шаруашылық институтының ректоры К. Сағадиев Целиноград қаласында биотехнология орталығын құру, оған қажетті мамандарды жетекші ғылыми орталықтарда дайындау туралы мәселе көтереді, оның қажеттілігін нақты дәйектермен тұжырымдап береді. Үлкен ғылым орталығы болып саналатын Алматы болса бір сәрі, шалғайдағы шағын ауыл шаруашылық институтына биотехнологияның не



қажеті бар деген сұрақ та туындаған шығар?.. Алайда сол күмәннің бәрін Кенжекеннің ұсынысы сөйлеп, ең жоғары деңгейде қолдау табады. Қазақстанда бір емес, екі биотехнология орталығын құру туралы шешім қабылданады. Мәскеудің бірқатар жетекші ғылыми зерттеу орталықтарына Целиноград ауыл шаруашылық институтының бір топ жас ғалымдары биотехнологияның өзгүрлі бағыттарын игеруге жіберіледі. Биотехнологиялық зертханаларды қалыптастыруға қажет құрал жабдықтар, приборлар мен аппаратуралар алынады, орталыққа жеке ғимарат беріледі. Осылайша еліміздегі жетекші ғылыми орталықтардың бірі Ұлттық биотехнология орталығының негізі қаланған еді. Экономист ғалымның көпшілік әлі түсіне бермейтін биотехнология саласына жете мән беріп, оны елімізде дамытуға ерекше үлес қосқаны келешекке талпынған жастарға ерекше әсер етті. Бұл саланы Қазақстанда дамытуға Кенжекен биотехнологияның билір маманы, Лениндік сыйлықтың лауреаты, марқұм академик М. Айтхожин секілді үлкен үлес қосады. Сондықтан биотехнология тәсілмен шығарылған Қазақстандағы алғашқы бидай сортын шәкірттері Кенжекеннің құрметіне «Кенжеғали» деп атағаны заңды еді.

Кенжекен үлкен ұйымдастырушы, жасампаз ғалым. Қазақстан Республикасының ғылым академиясын басқарған жылдары еліміздің экономикасының қиын кезіне дәл келгеніне қарамастан Кенжеғали Әбенұлы ғылымның заманауи бағытарына сөйкес келетін жана ғылыми орталық құруға баса назар

## КЕМЕЛ ОЙЛЫ КЕНЖЕКЕҢ

аударып, оларды басқаруға талантты ғалымдарды көптеп тартты. Мысалы, тек биология және биотехнология саласында ғана Алматыда Жалпы генетика және өсімдік физиологиясы, генетикасы және биоинженериясы, Қарағанды қаласында Фитохимия институттары құрылып, оларды басқаруға қазір академик дәрежесін иеленп отырған Р. Берсімбаев, І. Рақымбаев және С. Әдекенов секілді іскер ғалымдар тағайындалады. Қазір бұл ғылыми мекемелер өлемдік деңгейде танылып, еліміздің жетекші ғылыми зерттеу орталықтарына айналдырылған. Ғылымды осы заманғы деңгейде өндіріспен ұштастыра білген талантты ғалым С. Әдекеновтың Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты атануы ғылыми ортада үлкен қолдау тауып, барлығын қуанышқа бөледі десек қателеспеспіз.

1996 жылы елімізде ең алғашқылардың бірі болып құрылған білімнің қара шанырақтары Алматы зоотехникалық мал дәрігерлік институты мен Қазақ ауыл шаруашылық институты негізінде құрылған Қазақ мемлекеттік ұлттық аграрлық университетіне ректор болып Кенжекеннің сайлануы заңды нәрсе. Өйткені бір біріне ұқсас өзіндік ерекшеліктері бар екі үлкен жеке шанырақты бір шаныраққа айналдыру, соның аясына екі үлкен ғылыми ұжымның мүізін қарағайдай ғалымдарын біріктіріп, ынтымақтаса қызмет ететін бір ұжымға айналдыру тек Кенжекен секілді басшының қолынан келетін іс екенін кейін уақыт дәлелдеді.

Кенжекен талантты жастарға қамқоршы аға. Оған бір мысал ретінде бойында өнері бар жас жеткіншектерді университетке шақырып, олардың арасында бөйге ұйымдастыруы, жеңімпаздарды тегін оқытуды ендіргенін айтуға болады. Әншілік және күйшілік өнерімен көзге түскен бірнеше қазақтың ұл-қызда-

рының университетте тегін оқып қана қоймай, университет студенттері арасында ұлттық өнерге құштарлық дәстүрін қалыптастыруға үлес қосқанының куәсі болдық.

Кенжекеннің мектебінен өтіп, тәлім тәрбиесін алдым, ағалық қамқорлығын көрдім дейтін кісілер көптеп саналады. Өзімді де солардың қатарына жатқызым келеді. 1997 жылы биотехнологияның дамуы туралы дөңгелек стол ұйымдастырып, аграрлық университетте биотехнология кафедрасын құру туралы шешім қабылдағаны, соны басқаратын адам іздеп жатқаны туралы хабарлар да келіп жатты. Сол кафедраны ұйымдастыру құрметі маған бұйырады деген ой маған ешқашан келген жоқ еді. Кенжекен тек басшы ғана емес, ақылшы аға да болды. Тек кафедра жұмысына ғана емес, сондай-ақ ғылыми дәреженің өсуіне де ақыл кеңес беріп отырды. 1999 жылы желтоқсан айында докторлық диссертация қорғағаннан кейін бірнеше күннен сон университеттің Халықаралық байланыстар жөніндегі проректоры болып, көптеген халықаралық жобаларды жүзеге асырып, бірқатар шет елдерде Кенжеғали ағамен бірге іс сапарда болып қайттық. Өлемдік ғаламдану дәуірі кезінде халықаралық байланыстардың ғылым мен білімді дамытудағы маңызына Кенжекен ерекше назар аударатын. Ағаның ерекше қасиеттерінің бірі орынбасарларына жұмыс тапсыруымен бірге оларға сене де біледі. Жасы ересек орынбасарларына қаталдық көрсетпін жатса да маған бір дауыс көтермегенін жастығымды аяп, жасып қалмасын дегені шығар деп ойлаймын. Кенжекеннің басшылығымен жұмыс істеген жылдарым өмірімнің ең бір жарқын беттері болды деп шуақты сезіммен еске алып отырамын.

Қазір теледидар және баспа беттерінде зиялылық туралы жні пікір талас туып, зиялылықтың идеалды үлгісін тапқылары келіп жатады. Кенжекен өткен дәуірдің тамаша үлгілерін бойына сіңіріп, осы заманның ерекшелігімен ұштастыра білген, қоғамымызда алар орыны ерекше тұлға екеніне ешкім дауласа қоймас. Сондықтан болар, нағыз зиялы кім дегенде алдымен Кенжеғали ағамыздың жарқын бейнесі көз алдыма келеді.

**Әйш БЫҚАҚОВ,**

биология ғылымдарының докторы,  
профессор.  
Астана қаласы